

«Бозтал ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Әдістемелік кеңес отырысының

ХАТТАМАЛАРЫ

2023-2024 оқу жылы

# ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ

## Әдістемелік кеңес хаттамасы

29 тамыз 2023 жыл

№1

**Төрағалық етуші:** Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары- Абыкеева Б.  
**Қатысқандар:** 22 (тізім тіркеледі)

### КҮН ТӘРТІБІ

1. 2023-2024 оқу жылына арналған әдістемелік кеңестің жұмыс жоспарын бекіту.
2. 2023-2024 оқу жылының ҚР жалпы орта білім беретін ұйымдарда әдістемелік нұсқау хатымен таныстыру, іс-жүзінде асыру.
3. Жас мамандар мен тәлімгерлердің жұмыс жоспарын бекіту.
4. Күнтізбелік-тақырыптық жоспар мазмұнының үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкестігін тексеру қорытындысы

### ТЫҢДАЛДЫ:

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары – Б.К.Абыкеева әдістемелік кеңестің күн тәртібімен таныстырды.

### СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Әдістемелік кеңестің бірінші сұрағы бойынша 2023-2024 оқу жылына арналып құрылған әдістемелік жоспармен және онда қаралған сұрақтармен таныстырылды. Әдістемелік кеңес жоспары Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 21 желтоқсанда бекітілген N644 бұйрығының ережелері мен талаптарына сәйкес 2023-2024 оқу жылына арналған әдістемелік жоспары қаралып талқыланып, бекітуге ұсынылды.

Екінші мәселе бойынша мектеп ұжымын 2022-2023 оқу жылына арналған нұсқау хатпен таныстырды. Оқу процесін ұйымдастыру кезінде білім беру ұйымдары осы әдістемелік-нұсқау хатты, сонымен бірге өз сөзінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беру мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес тұлғаны жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу мен оқытуды қамтамасыз ету қажет.

Орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруды қамтамасыз етудің негізгі нормативтік құқықтық актілері бойынша тоқталды.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша Айтжанова Г.К., Кыздарбекова А.Р. әдістемелік нұсқау хатты бойынша сұрақтар қойып, өз пікірлерін ортаға салды. Ұсыныс қабылданды.

Келесі мәселе бойынша жас мамандар мен тәлімгерлердің жұмыс жоспарлары қаралды, талқылап бекітуге ұсынылды. 2023-2024 оқу жылы бойынша жас мамандар саны 2., олар: Синтикова А.К., Науризкулова М.Ж.. Науризкуловаға тәлімгер бекітілді. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Абыкеева осы мәселе бойынша Қазақстан Республикасы Білім

## ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ

және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі бекітілген №160 бұйрығына сәйкес тәлімгерлік жоспардың құрылымымен танысырды және төмендегіні қамтитынын айтты: 1) кері байланыс беру арқылы педагогтің сабақтарына қатысу (айына 2 реттен кем емес); 2) педагогтердің жекелеген санаттарының, оның ішінде сынып жетекшілері үшін міндетті құжаттарды бірлесіп ресімдеу және толтыру; 3) кәсіби қалыптасу мәселелері бойынша педагогтің консультациясы: лауазымдық міндеттерін атқару кезінде пайдаланылатын нормативтік құқықтық актілермен жұмыс істеуге оқыту; педагог кәсібін, сабақтарды сапалы өткізудің практикалық әдістері мен тәсілдерін меңгеру; білім беру процесін ұйымдастыруда оқытудың белсенді нысандары мен әдістерін қолдану; 4) педагогпен кәсіби әңгімелесу және / немесе жеке коучинг; 5) сабақты, әдістемелік семинарларды, мастер-кластар мен тренингтерді зерттеу бойынша мектеп топтарына қатысу; 6) педагогтің кәсіби дамуына, моральдық және іскерлік қасиеттеріне, оның жұмысқа, ұжымға және білім алушыларға қарым-қатынасына мониторинг жүргізу; 7) орта білім беру ұйымдарының әдістемелік бірлестіктерінің отырысында аралық есеп (оның ішінде электрондық) және бейнеролик (1-жартыжылдықта) ұсыну керектігі айтылды. Сонымен қатар шағын жинақты мектептегі тәлімгер мынадай талаптарға сай болуы қажет: 1) "педагог-зерттеуші" не "педагог-шебер" біліктілік санаты; 2) педагогикалық этиканың негізгі қағидаттары мен нормаларын сақтауы; 3) соңғы үш жыл ішінде оқытатын пән бойынша білім сапасы кемінде 50% - 60% болуы шарт деді.

Келесі мәселе бойынша Мектеп мұғалімдері білім беру қызметінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің барлық пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын басшылыққа алған. 2023-2024 оқу жылында оқу бағдарламаларындағы өзгерістер тек 2-сыныпқа ғана қатысты, 1-2-сыныптарда «Көркем еңбек» кіріктірілген пәнінің орнына «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» пәндерін жеке оқыту бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспар құрылған. Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы ҚР Оқу-ағарту министрінің 05.07.2023 № 199 бұйрығына сәйкес өзгерістер барлық пән мұғалімдерінің күнтізбелік-тақырыптық жоспарларында басшылыққа алынған. Барлық пәндер бойынша оқу пәнінің мазмұны оқу жоспарына сәйкес оқу жүктемесінің апталық және жылдық сағат сандары және БЖБ, ТЖБ сандары мен оқу мақсатты дұрыс қойылған.

## ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ

"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес әзірленген. Оқу мақсаттары кодпен қойылған.

Дегенмен, орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Д. Кобабаева мен ағылшын пәнінің мұғалімі Г.К. Айтжанованың күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары талапқа сай болмауына байланысты түзету жұмыстарын енгізу қажет екендігі анықталды.

Педагогикалық ұжым оқу жылын бастауға әзір. Орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Д. Кобабаева мен ағылшын пәнінің мұғалімі Г.К. Айтжанова күнтізбелік жоспар жасау ісін жалғастыруда. Дене шынықтыру пәні Е. Даулов күнтізбелік жоспар жасау кезінде қолда бар жабдықтардың мүмкіндіктерін ескермеген.

### **Күн тәртібіндегі барлық мәселелерді талқылай келе әдістемелік кеңес шешім қабылдады:**

1. 2023-2024 әдістемелік жұмыс жоспары бекітілісін.
2. 2023-2024 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хаттағы барлық көрсетілген ережелер оқу-әдістемелік үрдісте қолданыс тапсын.
3. Жас мамандар мен оларға тәлімгерлер бекітілісін.
4. Жас мамандар мен тәлімгерлер жоспары бекітілсін.
5. Орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Д.И.Кобабаева мен ағылшын пәнінің мұғалімі Г.К. Айтжанова 2023 жылдың 4 қыркүйегінен қалдырмай күнтізбелік жоспарын тапсырсын;
6. Дене шынықтыру пәні мұғалімдері Е.С.Даулов күнтізбелік жоспарларына спорт жабдықтарының мүмкіндіктеріне сәйкес өзгертілуін және түзетулер ендірілуін қамтамасыз етсін. Күнтізбелік жоспарлар 4 қыркүйекке дейін тапсырылсын.

Әдістемелік кеңес төрағасы  
Хатшы

  


Б.Абыкеева  
А. Қолғанат

# ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ

## Әдістемелік кеңес хаттамасы

6 қараша 2023 жыл №2

**Төрағалық етуші:** Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары-  
Б.Абыкеева  
**Қатысқандар:** 20 (тізім тіркеледі)  
**Қатыспағандар:** 0

### КҮН ТӘРТІБІ

- 1 Қазақ тілі сабағында қалыптастырушы бағалау арқылы оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыру  
(пед. оқу. Іс тәжірибесі) Б.Абыкеева
2. Дарынды оқушылармен жұмыс, мектепшілік пән олимпиадасын өткізу тәртібін белгілеу, кестесін бекіту

### ТЫҢДАЛДЫ:

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары – Б.К. Абыкеева әдістемелік кеңестің күн тәртібімен таныстырды.

**СӨЙЛЕГЕНДЕР:** қазақ тілі мен әдебиеті пәні Мұғалімі А. Шайхудинова «Қазақ тілі сабағында қалыптастырушы бағалау арқылы оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыру» тақырыбында өз іс-тәжірибесімен бөлісті. Мұғалім бұл бағалау әрекеті арқылы пәнді меңгерудің мақсатын нақты анықтай алады. Оқушының өткен тақырыптарды біртұтас, үйлесімді сурет түрінде елестетуіне, нәтижені бақылаудың сәйкес тәсілдерін өзі анықтай білуіне, жоғары деңгейге жетуге ынталануына ықпал ете алады. Қалыптастырушы бағалаудың мақсаты - оқу материалын меңгергендігі жөнінде объективті ақпарат алу, білім алушының кемшіліктерін дер кезінде анықтау, мұғалім - оқушы арасында кері байланысты орнату.

Қалыптастырушы бағалаудың ерекшеліктері - оқушының күнделікті білім сапасы, білім алудағы олқылықтарды күнделікті түзеу, оқушының қиындық тудыратын сұрақтарын анықтау және оны жою, оқушының бағалаудан алған жағымсыз әсерінің азаюы, психологиялық жайлы ортаның болуы, бағалаудың әділдігі, анықтылығы және ашықтығы, өзін-өзі бағалау дағдылары.

*I. Қорытындылау үшін немесе сұрақтар үшін үлестірмелер тарату*

1 бетінде: Өтілген материал (тарау, тақырып) негізгі идеясын атаңыз және қорытындылаңыз.

2 бетінде: Өтілген материалдардан сізге не түсініксіз болғанын анықтаңыз және сұрағыңызды ойластырыңыз.

Мұғалім екі жағында тапсырма жазылған үлестірмелерді жиі пайдалануына болады.

*II. Қолмен белгі беру*

Түсінемін және түсіндіріп бере аламын (Бас бармағын жоғары көтеру арқылы)

# ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ

Мен әлі түсіне алмай отырмын (Бас бармағын жанына қарату арқылы)

Мен әлі сенімді емеспін (Қолын бұлғау арқылы)

## III. Тест түрлері

Мини тест (Бір дұрыс жауабы болады) Элективті тест (Оқушылар А,В,С,Д карточкаларын көтеру арқылы)

Формативті тест (шағын топта отырып талқылау арқылы жауап беру)

Тұжырымдар беру (иә, жоқ деп бір сөзбен жауап беру)

Сонымен қатар тесттерді оқушылардың өздеріне де құрғызуға болады.

## IV. Формативті сұрау және пәндік тіл қалыптастыру

Таныстырылым, бейнефильм, диаграмма, кесте, сурет, рольдік және іскерлік ойын, мәтінді талдау, ақпараттық графика әдісі, т.б. жұмыстардан кейін мұғалім «Неге? Не себепті? Не үшін?» деген сияқты сұрақтар бере отырып, оқушыға көмекші сөз тіркесін ұсынып отыруы тиіс.

Мысалы: Тақырыптың негізгі идеясы (принципі, үрдісі) болып.....табылады. Себебі..... Менің ойымша..... Зерттеулер нәтижесінде мен..... қорытындыға келдім.

*География пәні* ауызша сабақ болғандықтан жұптық, топтық жұмыстар мен белсенді оқыту әдістері табиғат құбылыстары мен заңдылықтарды сабақ барысында оқушылармен зерделеу, зерттеу жұмыстарын жүргізуге, әрі қызығушылығын оятып, болашаққа болжам жасауына, өз пікірін дәлелдеуге, гипотеза ұсынуына, тіпті өзіндік кішігірім жаңалық ашуына т.б. мүмкіндіктер береді.

Тиімділігін танытып отырған қалыптастырушы бағалаудың маңызды компоненттерінің бір түрі - өзін-өзі бағалау және өзара бағалау.

*Өзін-өзі бағалау – өз қабілетіне, мүмкіндігіне, мінез-құлқына, ішкі жан-дүниесіне, басқа адамдардың ортасында өз орны тағы басқа бойынша өзіне баға беруі болып табылатын адам санасының құрамдас бөлігі. Өзін-өзі бағалау арқылы адамның мінез-құлқы реттеледі, өзіне сыни көзқараспен қарауға үйренеді. Бағалау арқылы оқушыны сенімділікке, ойлануға, шығармашылыққа тәрбиелеуге баулиды. Мұғалім бағалауынан өзін-өзі бағалауға көшу айтарлықтай қиындық тудыратын кадам және өзінің сыныптастарын бағалауда осы үдерісті жеңілдетуге мүмкіндігі бар. Сыныптастарын бағалау маңызды рөл атқарады, себебі ол ынталандыру деңгейін көтереді, оқушыларға өз тілінде сөйлеуге мүмкіндік береді, сынды қабылдауға ықпал етеді, өзіне және мұғаліммен пікірталасқа түсуіне сенімділігін арттырады, сондай-ақ мұғалімдерге үдерістен шектелуіне және жай ғана бақылауына мүмкіндік береді. [2]*

Қорыта келе, Теодор Сайзердің «Баға беру және есепке алу – керемет мақсаттар. Білім алу үдерісіне кедергі тигізбейтін және біздің жан салып жасап жатқан ісімізге пайдалы да әділ баға беретін жүйе...» дегендей, формативті (қалыптастырушы) бағалау дұрыс ұйымдастырылған жағдайда мұғалімге олардың іс-әрекеттеріне байланысты түсінік, ұсыныс т.с.с. бере отырып, жүйелі түрде кері байланысты қамтамасыз етеді. Кері байланыстың әсерінен мұғалімдер өздерінің оқу үдерісін ұйымдастыруға белсенді қатысады. Ол үшін мұғалім оқушылардың оқу нәтижелерінің өзгеруіне байланысты оқыту және оқудың жаңа әдіс-тәсілдерін, техникасын өзгертіп отыруы қажет. Мұндай бағалау жаппай тәжірибеде мұғалімнің қалыптастырушы бағалаудың теориялық негіздерін және оны ұйымдастырудың алгоритмін меңгерген кезде ғана жүзеге асады дей келек өз тәжірибесінің толық нұсқасымен таныстырып өтті.

Екінші мәселе бойынша пәндер бірлестігінің жоспарлары бекітуге ұсынылды.

## Үшінші мәселе бойынша Жалпы білім беретін пәндерден мектепшілік олимпиада өткізу

Оқушылардың оқу–танымдық қабілеттерін ынталандыру, пәндік білімдерін тереңдету, ғылымға деген қызығушылығын дамыту, оқушыларды аймақтық және облыстық олимпиадаларға қатыстыруға іріктеу және дайындықтарын

## ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ

пысықтау мақсатында, мектептің оқу-тәрбие жоспарына сәйкес күндері мектепшілік пәнді қолимпиада өткізіледі.

### Оқушылардың мектепшілік пәндік олимпиадасын өткізу туралы.

Оқушылардың оқу-танымдық қабілеттерін ынталандыру, пәндік білімдерін тереңдету, ғылымға деген қызығушылығын дамыту, оқушыларды аудандық және қалалық олимпиадаларға қатыстыруға іріктеу және дайындықтарын пысықтау мақсатында, мектептің оқу-тәрбие жоспарына сәйкес күндері мектепшілік пәндік олимпиадаға дайындық жұмыстары жүргізілуде. Әр пәндер бойынша олимпиада резервтері және олимпиадаға дайындау кестелері бекітілді.

Олимпиада мына негізгі пәндер бойынша өткізіледі:

Қазақ тілі мен әдебиеті;  
Қазақстан тарихы;  
Орыс тілі мен әдебиеті;  
ағылшын тілі;  
математика;  
физика;  
информатика;  
химия;  
биология;  
география;

Олимпиадаға қоғамдық-гуманитарлық пәндер, жаратылыстану-математикалық пәндер бойынша 5-6,7-8, 9-11 сыныптар оқушылары қатыстырылады. Олимпиада қорытындысы бойынша әр пәннен озық шыққан оқушылар іріктеліп, аудандық пәндік олимпиадаға қатысатын команда жасақталады және алдағы кезеңдерге дайындық жұмыстары ұйымдастырылады.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша мектепшілік олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу ЕРЕЖЕЛЕРІ мен толық таныстырды.

### Шешімі:

1. Мектепшілік пәндер олимпиадасының материалдары бекітілсін;
2. Мектепшілік пәндер олимпиадасының ережесі барлық педагогтардың назарына жеткізілсін;
3. Мектепшілік пәндер олимпиадасына қатысатын оқушылардың тізімі анықталсын;
4. 2-4,5-6,7-8, 9-11 сынып оқушыларының мектепшілік олимпиадасын өткізу жоспарға сәйкес жүргізілсін.

Әдістемелік кеңес төрағасы  
Хатшы



Б.Абыкеева  
А.Қолғанат

# ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ

## Әдістемелік кеңес хаттамасы

5 қаңтар 2024 жыл

№3

**Төрағалық етуші:** Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары - Б.Абыкеева

**Қатысқандар:** 20 (тізім тіркеледі)

**Қатыспағандар:** 0

### КҮН ТӘРТІБІ

1. Педагогикалық ұжымның және жеке мұғалімдердің әдістемелік жұмыс барысы;
2. Оқушылардың үлгермеу себептері мен оқу танымдық әрекетіне қызығушылығы төмен оқушылармен жүргізілетін жұмыс.

### ТЫҢДАЛДЫ:

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары – Б.К. Абыкеева әдістемелік кеңестің күн тәртібімен таныстырды.

**СӨЙЛЕГЕНДЕР:** Бірінші мәселе бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.К. Абыкеева сөз алды. Ол өз сөзінде мектептегі әдістемелік жұмысты басқару, жоспарға сай жұмысты ұйымдастыру кезінде төмендегі функциялар орындалғандығын мәлімдеді: Әдістемелік бірлестіктер, дарынды оқушылармен жұмыс, жас мамандармен жұмыс жоспары бойынша жұмыстар атқарылды. Биылғы оқу жылында мұғалімдердің пәндік және психологиялық-педагогикалық дайындық деңгейін көтеру мақсатында келесі мұғалімдер курстарға жіберілді: Сарапшы педагогтардың бастауымен сыныптарды зерттеу сабақтары өткізілді. Сондай-ақ, атқарылған әдістемелік жұмыстардың әлсіз жақтары: Тәжірибені жинақтауға, авторлық бағдарлама жазу жұмысына көңіл бөлмеуі, сайыстар мен ғылыми-практикалық конференцияларға қатысуға тек аттестациядан өтуші мұғалімдердің міндеті деп есептеу дұрыс еместігін айтты. . 9-11 сынып оқушылары мектепшілік пән олимпиадасына қатыстырылған және жүлделі орындарға ие болған, аудандық кезенге жіберілген. Алайда аудандық кезенде жүлделі орын иеленген оқушылар саны күткен нәтижеге сай болмады. Бұл тұста жетекшілерінің оқушыны сапалы дайындамауы, толықтыру жұмыстарына көңіл бөлмегендігінен қатысушы саны көп болғанымен сапаға кері әсерін тигізіп отырғандығына тоқталды.

Екінші мәселеде оқушылардың үлгермеу себептері мен оқу танымдық әрекетіне қызығушылығы төмен оқушылармен жүргізілген жұмыстарға тоқталды. Әр оқу жылында мектебімізде 5-11 сынып оқушыларының функционалдық сауаттығын арттыру мақсатында мұғалімдер әртүрлі тиімді әдістер мен қосымша сабақтар жүргізе отырып, оқушылардың оқуға қызығушылығын арттырып, алған білімдерін өмірде пайдалана алу дағдыларын дамыту үшін жұмыс атқарып келеді. Атап айтсақ күнделікті сабақтарда оқытудың жаңа әдістерін қолданып, оқушыға өз бетінше



## ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ

---

ойланып, ізденіп жұмыс жасауға, сын тұрғысынан ойлауды үйретуге, ойлауды қажет ететін түрлі мәселелер мен жағдаяттар төңірегінде ой қорытуға, өз ойларын жеткізе білуге бағытталған тапсырмалар арқылы оқушыны белсенді оқу дағдыларын қалыптастырды. Бұл үшін сабақта түрлі тренинг элементерін, ойын түрлерін, топпен жұмыс жасау, постер қорғау, өз бетінше бағалау, ой шақыру сияқты әдістерді кеңінен қолданып, оқушылардың функционалдық сауаттылығын көтеру мақсатында бірқатар жұмыстар жүргізілгендігін айтты.

**Күн тәртібіндегі барлық мәселелерді талқылай келе әдістемелік кеңес шешім қабылдады:**

1. Педагогикалық ұжымның және жеке мұғалімдердің әдістемелік жұмыстары қанағаттанарлық деп танылсын;
2. Үлгермеу себептері бар оқушылармен жүргізілген жұмыстар қанағаттанарлық деп есептелсн.

Әдістемелік кеңес төрайымы  
Хатшы



Б.К. Абыкеева



А.Қоғанат

# ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ

## Әдістемелік кеңес хаттамасы

20 наурыз 2024 жыл

№4

**Төрағалық етуші:** Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары- Б.Абыкеева  
**Қатысқандар:** 20 (тізім тіркеледі)  
**Қатыспағандар:** 0

### КҮН ТӘРТІБІ

**Тақырыбы:** Білім алушыларды «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндерінен 5-8, 10-сыныптарда аралық аттестаттау ерекшеліктері

#### I. Күн тәртібінде:

1. Білім алушыларды «Қазақ тілі» пәнінен 5-8, 10-сыныптарда аралық аттестаттау ерекшеліктері және мақсат-міндеттерімен таныстыру.
2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Ү. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Білім алушыларды «Қазақ тілі» пәнінен 5-8, 10 -сыныптарда аралық аттестаттау бойынша әдістемелік ұсыным хатпен таныстыру.
3. Сыныптар бойынша дайындық жұмыс жоспарын, жауапты пән мұғалімдерін, көмекші ассисенттерді және өткізілу мерзімі, кезекшілік кестесі мен жауапты тұлғаларды бекіту.
4. Академиялық адалдық қағидаты сақтала отырып, пән мұғалімдері емтихан материалдарын дайындап, бекіту.
5. Білім алушыларды «Қазақ тілі» пәнінен 5-8, 10-сыныптарда аралық аттестаттау бойынша құжаттарды жинақтау, аралық аттестаттау ерекшеліктері және мақсат-міндеттері туралы педагогикалық кеңесте қарау және арнайы бұйрықпен бекітуге ұсыным жасау.

#### II. Тыңдалды:

1. Білім алушыларды «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндерінен 5-8, 10-сыныптарда аралық аттестаттау ерекшеліктері және мақсат-міндеттерімен ДООЖО Б.К.Абыкеева сөз алып, таныстырды. Сөзінде, биылғы 2023-2024 оқу жылында білім алушылар «Қазақ тілі» пәнінен 5-8, 10-сыныптарда аралық аттестаттау жүргізіліп, сыныптан сыныпқа көшірілетіні туралы айтты.
2. ДООЖО Б.К. Абыкеева Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрлігі Ү. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Білім алушыларды «Қазақ тілі» пәнінен 5 - 8, 10 - сыныптарда аралық аттестаттау бойынша әдістемелік ұсыным хатпен таныстырып өтті. Сөзінде, Білім алушыларды «Қазақ тілі», «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндерінен 5-8, 10 - сыныптарда аралық аттестаттау бойынша әдістемелік ұсыным бойынша қысқаша сипаттама жасады. Мұнда, білім алушыларды аралық аттестаттау – білім алушылардың оқу аяқталғаннан кейін бір оқу пәнінің бір бөлігінің немесе бүкіл көлемінің мазмұнын игеру сапасын бағалау мақсатында жүргізілетін рәсім екендігін айтты. Қазақ тілі бойынша емтихан 125-бұйрықтың 35-тармағына сәйкес білім алушылардың бағдарламалар мазмұнын меңгеруін бағалау мақсатында негізгі орта (5-8 сыныптар), жалпы орта (10 сынып) деңгейінде академиялық жыл аяқталған кезде оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға «Қазақ тілі» пәні бойынша МЖМБС-қа (оқылым, жазылым) сәйкес жазбаша нысанда өткізіледі-деді.
1. Сыныптар бойынша дайындық жұмыс жоспарын, тапсырмалар мен жауапты пән мұғалімдерін, көмекші ассисенттерді және өткізілу мерзімі, кезекшілік кестесі мен жауапты тұлғаларды бекіту.

## ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ

Дайындық жұмыстарын күшейтуді пән мұғалімдеріне жүктеу қажет, жоспар бойынша эссеге дайындау және аптасына 2 сағат қосымша жұмыс белгілеу керек екендігін айтты.

Ассисенттер әр сынып бойынша 2 пән мұғалімін бекіту қажет. Мерзімі 27-31 мамыр 2024 жыл. Кезекшілік 22-23 мамыр I және II ауысымға академиялық уақытпен үйлестіру қажет, - деді. Кезекшілікке жауапты мұғалімдерді бекітуді әкімшілік тарапынан басшылыққа алып қадағалау жұмысын ұйымдастыру. Бекітілген көмекші ассисенттер мен кезекші мұғалімдер тізімі бекітіліп, арнайы папкаға жинақтау қажеттігін ескертті.

2. Академиялық адалдық қағидаты сақтала отырып, пән мұғалімдері емтихан материалдарын дайындап, бекіту туралы айтты. Емтихан материалдарын дайындау бойынша төмендегі пән мұғалімдері жауапкерлікке алады. Олар: 5,6-сынып бойынша – Н.Тороохан, 7-сынып бойынша - Б.К. Абыкеева; 8-сынып бойынша – А.С.Шайхудинова, 10-сынып бойынша – Б.К. Абыкеева. Емтихан материалдары білім алушылардың жас ерекшелігіне сай, әр сынып бойынша бөлім тақырыптарын ескере отырып, мазмұнына сай жазылуын басшылыққа алу қажет деді. Дайын тапсырмалар сыныптағы оқушы санына жеткілікті дәрежеде арнайы құжатнама конверттеріне салынып, білім мекемесінің мөрімен бекітіледі, - деді.
3. Білім алушыларды «Қазақ тілі» пәнінен 5-8, 10-сыныптарда аралық аттестаттау бойынша құжаттарды жинақтау, аралық аттестаттау ерекшеліктері және мақсат-міндеттері туралы әдістемелік бірлестік мәжілісінің шешімімен педагогикалық кеңесте қарау және арнайы Бұйрықпен бекітуге ұсыным жасауы керектігін айтып, әдістемелік бірлестік мәжілісі төмендегідей шешім шығарды.

### III. Шешімі:

1. Білім алушыларды «Қазақ тілі» пәнінен 5-8, 10-сыныптарда аралық аттестаттау ерекшеліктері және мақсат-міндеттері басшылыққа ала отырып, аралық аттестаттау жұмысы жандандырылсын.
2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Білім алушыларды «Қазақ тілі» пәнінен 5-8, 10 -сыныптарда аралық аттестаттау бойынша әдістемелік ұсыным хат негізінде жүзеге асырылсын.
3. Сыныптар бойынша қосымша дайындық жұмыс жоспары, жауапты пән мұғалімдері, көмекші ассисенттер және өткізілу мерзімі, кезекшілік кестесі мен жауапты тұлғалар тізімі бойынша бекітілсін.
4. Академиялық адалдық қағидаты сақтала отырып, пән мұғалімдері емтихан материалдарын дайындап, талдау жасап бекітуге ұсынылсын.
5. Білім алушыларды «Қазақ тілі» пәнінен 5-8, 10-сыныптарда аралық аттестаттау бойынша құжаттарды жинақтау, аралық аттестаттау ерекшеліктері және мақсат-міндеттері туралы педагогикалық кеңесте қаралып арнайы Бұйрықпен бекітуге ұсынылсын және бұйрық шығарылсын.

Әдістемелік кеңес төрағасы  
Хатшы



Б.Абыкеева  
А.Қолғанат

# ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ

## Әдістемелік кеңес хаттамасы

20 мамыр 2024 жыл

№5

**Төрағалық етуші:** Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары- Б.Абыкеева

**Қатысқандар:** 20 (тізім тіркеледі)

**Қатыспағандар:** 0

### КҮН ТӘРТІБІ

**Тақырыбы:** Білім алушылардың табысты оқуы

#### I. Күн тәртібінде:

1. Әдістемелік құрал, авторлық бағдарлама таратуға ұсыну.
2. Әдістемелік жұмысқа талдау жасау, сараптама жазу.
3. Пән бірлестіктердің жұмысына әдістемелік талдау жасау.
4. Әдістемелік жұмыстың келесі 2024-2025 оқу жылына міндеттерін жоспарлау.

**II. ТЫҢДАЛДЫ:** Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары – Б.К. Абыкеева әдістемелік кеңестің күн тәртібімен таныстырды.

**СӨЙЛЕГЕНДЕР:** Бірінші мәселе бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.К. Абыкеева сөз алды. Ол өз сөзінде атқарылған әдістемелік жұмыстардың әлсіз жақтары: мұғалімдердің тәжірибені жинақтауға, авторлық бағдарлама жазу жұмысына көңіл бөлмеуі, сайыстар мен ғылыми-практикалық конференцияларға қатысуға тек аттестациядан өтуші мұғалімдердің міндеті деп есептеу дұрыс еместігін айтты. Педагогтардың 2024-2025 оқу жылында аттестациядан өту талаптарына өзгеріс енгізілгенін ескерсек әр мұғалім авторлық бағдарлама құрастырып оны мінде түрде аудан, облыс көлемінде тарату, тек таратып қана қоймай ол тәжірибе өзге мектептердің практикасында қолданыс табу қажат, сондықтан сіздердің алдарыңызда 2024-2025 оқу жылына авторлық бағдарлама ұсыну міндеті тұр. Келесі оқу жылына 2 мұғалім авторлық бағдарлама ұсынып отыр, олар:

1. География пәнінің мұғалімі Кульжаханова А.Ж. бағдарлама тақырыбы «Картографиялық сауаттылық негіздері»
  2. Математика пәнінің мұғалімі Қыздарбекова А.Р. бағдарлама тақырыбы «Есептер шығару технологиясы 10- сыныпқа арналған»
- А.Ж. Кульжаханова мен А.Р. Қыздарбекова өздерінің авторлық бағдарламаларын қанша уақыт практикада қолданғандарын тілге тиек етті. Келесі оқу жылында осы бағдарлама бойынша баяндама әзірлеп, мұғалімдермен іс- тәжірибесімен бөлісетіндіктерін айтты.

2. Жыл басынан. 22 мұғалім, 3 тәрбиеші қызмет жасады, барлығы 25 педагог қызметкерлері. Оның ішінде жоғары білімді 17 (77%) педагог, орта арнаулы -

## ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ

5 (23%) педагог. Одан басқа мектепте психолог, медбике, координатор жұмыс атқарды.

2.Квалификациялық деңгейі бойынша сапалық құрамы келесіні көрсетті: педагог сарапшы 2 (9%), бірінші санат- 1 (4.5%), модератор- 10 (45%), санатсыз- 8 (27 %) педагог қызметкерлері жұмыс атқарды.

3.Жас мамандар 5 жылға дейін – 9 мұғалім (41%), 5 жылдан 20 жылға дейін – 6 мұғалім (27 %), 20 жылдан жоғары – 7 мұғалім (32%).

2023-2024 оқу жылындағы мұғалімдердің және тәрбиешілердің сапалық және сандық құрамына тоқталатын болсақ

### (Тәрбиешілердің сапалық және сандық құрамы)

Оқу жылы	барлығы	Педагог-шебер	%	Педагог-зерттеуші	%	Педагог-сарапшы	%	Педагог-модератор	%	Жоғары санат	%	1 санат	%	2 санат	%	Сапа
2023-2024	3	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	1	33,3	0	33,3	33,3

**Білімі бойынша:** 2 тәрбиеші арнаулы орта және 1 тәрбиеші жоғары білімді орта есеппен бұл да 33,3 пайызды құрайды.

Оқу жылы	барлығы	Жоғары білімді	Арнаулы орта	%
2023-2024	3	1	2	33,3

Мектепке дейінгі ұйымның 3 педагогы біліктілікті арттыру курстарынан өтіп, білімдерін жетілдіріп отырады. МАД тобының тәрбиешісі Амиржанова Умит Ахметовна «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығынан 2023 жылы біліктілікті арттыру курсынан өтті

2023 жылы маусым айында Оспанова С.Х және Кожаметова Ж.М «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы ұйымдастырған курстан Ерейментау қаласында өтті.

Бастауыш сыныптарда білім берген мұғалімдер саны 4 болды. Олардың сапалық және сандық құрамына тоқталатын болсақ.

### Бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің сапалық құрамы

Оқу жылы	барлығы	Педагог-шебер	%	Педагог-зерттеуші	%	Педагог-сарапшы	%	Педагог-модератор	%	Сапа
2023-2024	4	0	0	0	0	0	0	2	0	0

Бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан педагог-зерттеушілер, педагог-сарапшылардың үлесі 0%.

Білімі бойынша:

Оқу жылы	барлығы	Жоғары білімді	Арнаулы орта	Үлесі
2022-2023	4	3	1	75%

## ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ

Бастауыш сынып педагог кадрлардың біліктілік арттырудан өткені туралы мәліметтер саны:

жылы	Барлық педагогтар	Пәндік күзіреттіліктерін дамыту	Үлес
2023-2024	4	4	100

Негізгі орта білім беру, жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің сапалық құрамы

Оқу жылы	барлығы	Педагог-шебер	%	Педагог-зерттеуші	%	Педагог-сарапшы	%	Педагог-модератор	%	Сапа
2023-2024	18	0	0	0	0	2	11%	8	44%	11%

Негізгі орта білім беру, жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің үлесі -11 %.

Негізгі орта білім беру, жалпы орта білім беру педагог кадрлардың біліктілік арттырудан өткені туралы мәліметтер саны:

жылы	Барлық педагогтар	Пәндік күзіреттіліктерін дамыту	Инклюзив	Цифрлық күзіреттілік	PISA есептерін шығару
2023-2024	18	5	0	0	0

Білімі бойынша:

Оқу жылы	барлығы	Жоғары білімді	Арнаулы орта	Үлесі
2023-2024	18	15	3	83 %

Негізгі орта білім беру, жалпы орта білім беру педагогтердің санынан жоғары білімді педагогтер үлесі 83%

барлығы	Педагог-шебер	%	Педагог-зерттеуші	%	Педагог-сарапшы	%	Педагог-модератор	%	Жоғары санат	%	1 санат	%	Сапа
22	0	0	0	0	2	9%	10	45%	0	0	1	4,5	%

Педагогтердің жалпы санынан жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің үлесі - 11 %.

## ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ

### 3. Мектептің ғылыми-әдістемелік жұмысына талдау:

Мектепте 5 әдістемелік бірлестік жұмыс істеуде: бастауыш сынып бірлестігі, гуманитарлық бірлестік , жаратылыстану- математикалық бірлестігі, эстетикалық пәндер бірлестігі және мектепке дейінгі білім беру бірлестігі.ӘБ жетекшілері мектептің әдістемелік кеңесінің құрамында, олар жұмыстың негізгі бағыттарын үйлестіреді.

3. Пән бірлестіктерінің жұмысына талдау. Мектепте 5 әдістемелік бірлестік жұмыс істеуде: бастауыш сынып бірлестігі, гуманитарлық бірлестік , жаратылыстану- математикалық бірлестігі, эстетикалық пәндер бірлестігі және мектепке дейінгі білім беру бірлестігі. Мектептегі әдістемелік жұмысты басқару, жоспарға сай жұмысты ұйымдастыру кезінде төмендегі функциялар орындалғандығын мәлімдеді: Әдістемелік бірлестіктер, дарынды оқушылармен жұмыс, жас мамандармен жұмыс жоспары бойынша жұмыстар атқарылды. Биылғы оқу жылында мұғалімдердің пәндік және психологиялық-педагогикалық дайындық деңгейін көтеру мақсатында келесі мұғалімдер курстарға жіберілді: Сергазинова Г.Т. тарих пәнінен, Тороохан Н., Шайхудинова А.С. қазақ тілі мен әдебиет пәнінен, Жумабекова М.С., Тулеубаева Р.А. бастауыш сынып мұғалімдері, Кульжаханова А.Ж. география пәні, Даулов Е.С. технология пәні, Секуова А.Т., Кожахметова Ә тарих пәнінің мұғалімдері, Амиржанова У.А. даярлық сыныбының тәрбиешісі. Сарапшы педагогтардың бастауымен сыныптарды зерттеу сабақтары өткізілді. Сондай-ақ, . 9-11 сынып оқушылары мектепішілік пән олимпиадасына қатыстырылған және жүлделі орындарға ие болған, аудандық кезеңге жіберілген. Алайда аудандық кезеңде жүлделі орын иеленген оқушылар саны аз,күткен нәтижеге сай болмады. Бұл тұста жетекшілерінің оқушыны сапалы дайындамауы, толықтыру жұмыстарына көңіл бөлмегендігінен қатысушы саны көп болғанымен сапаға кері әсерін тигізіп отырғандығына тоқталды.

### 4.Әдістемелік жұмыстың келесі 2024-2025 оқу жылына міндеттерін жоспарлау.

Биылғы оқу жылында мұғалімдер алдына қойылатын міндеттер:

- 1)әрбір мұғалім өз білімін, өз тәжірибесін жаңа тәсілдермен толықтырып отыруы керек;
- 2) ерекше қабілетті оқушыларды анықтап, қабілетіне қарай шығармашылыққа баулу;
- 3)мотивациясы төмен оқушылармен сабақ барысында жұмыс жасау, қалыс қалдырмау
- 4)дарынды балалармен жұмысты жетілдіру. Облыстық, республикалық деңгейіне шығу.
- 5)мектептегі іс-шараларға ата-аналар мен оқушылардың белсенді қатысуын қамтамасыз ету.
- 6)іс-тәжірибемен алмасып, авторлық бағдарлама ұсыну.

## ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ

---

### III. Шешімі:

1. 2023-2024 оқу жылында мектептің ғылыми-әдістемелік жұмысында кеткен олқылықтарды болдырмау
2. Әр мұғалімнің өз білімін, өз тәжірибесін жаңа тәсілдермен толықтырып отыруына ықпал ету
3. Дарынды балалармен жұмысты жетілдіру
4. 2024-2025 оқу жылында алға қойған міндеттерді орындау

Әдістемелік кеңес төрағасы  
Хатшы



Б.Абыкеева  
А.Қолғанат